**2022-2023 оқу жылында оқушылардың еңбекке орналасуының қорытындысы**

| Түлектердің еңбекке орналасуы туралы мәлімет | 9 класс | 11 класс |
|---|---|---|
| Барлығы | 43 | 12 |
| Оның ішінде арнаулы орта білім беретін оқу орнына түскені (күндізгі бөлім) | 15 | 1 |
| Оның ішінде арнаулы орта білім беретін оқу орнына түскені (сырттай бөлім) | - | - |
| Оның ішінде ЖОО түскені (күндізгі бөлім) | - | 11 |
| ЖОО түскені (сырттай бөлім) | - | - |
| Жұмысқа орналасқаны | - | - |
| Еш жерге орналаспағаны | - | - |
| Мемлекеттік грант иегерлері | - | 5 |
| 10 класқа қайтып келгендері | 28 | - |

2022-2023 оқу жылының аяғында негізгі мектеп бітірушілердің(9 класс) саны-43, оның ішінде арнаулы орта білім беретін оқу орнына түскендер (күндізгі бөлім) саны-15(34,8%), 10 класты жалғастырып жатқандары-28 (65,1%).

Орта мектеп бітіруші түлектердің(11 класс) саны-12,оның ішінде ЖОО түскені (күндізгі бөлім)-11(91,6%), арнаулы орта білім беретін оқу орнына түскені (күндізгі бөлім)-1(8,3%), Жұмысқа орналасқаны-0(0%),мемлекеттік грант иегерлері - 5(41,6%).

**Қорытынды:** Оқушылардың еңбекке орналасуы «қанағаттанарлық» деңгейде.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шаралар туралы мәлімет.**

2023-2024оқу жылының басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР-ның 1998 жылғы 2 шілдедегі №267 Заңы мен.«Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің 2014 жылғы 11 қарашасындағы № 001 қаулысы басшылыққа алына отырып, мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» іс-шаралар жоспары бекітіліп,келесі жұмыстар атқарылды. Қыркүйек айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы және алдын алу туралы, ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңын орындау туралы жәнеде ата-аналардан заңсыз ақша жинамау туралы бұйрықтар шығарылды, мектептің жұмыс жоспары бекітілді.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыра отырып,жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетті, білім мен тәрбиені қалыптастыру мақсатында 9-11 класс оқушыларына «Әділет таразысы», «Адалдық – асыл қасиет», «Адалдық сағаты» тақырыптарында класс сағаттары өткізіліп,оқушыларға түсінік берілді. Сонымен қатар «Сыбайластықты туғызушы факторлар: өзектілігі және алдын алу шаралары», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында дөңгелек үстел, пікірталас өтті.

«Мектепте сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 5-8 класс оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Сонымен қатар 25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған «Біз жемқорлыққа қарсымыз» қалалық ең үздік плакат байқауына қатысып 6-7 класс оқушылары I, II,II орындармен марапатталды.

**Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша атқарылған тәрбие бағытындағы жұмыстар**

2023-2024 оқу жылының басында мектебімізде «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша жұмыс жоспары құрылды. Мақсаты: Балаларға қатыгездік пен немқұрайлық мәселесіне қоғамдық назар аудару, қоғамда балаларды қатігездікке төзбеушілікке көзқарасын қалыптастыру,балаларды зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін

арттыру. Осы мақсатта оқушыларға төмендегідей іс-шаралар өткізіліп, мектептің инстаграм парақшасына салынды. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» 1-11 класстар аралығында тәрбие сағаттары, «Өлкетану» музейіне саяхат, «Зорлық-зомбылықсыз әлемді қалай құруға болады?» үздік эсселер байқауы, «Отбасы және бала тәрбиесі» мектеп психологтарымен ата-аналарға тренинг, «Ерте жүктіліктің алдын алу» 8-11 класстар қыздар арасында медбике кеңес беріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді,«Балалар бақытты балалық шақ үшін» 2-4 класстар арасында сурет байқауы, Тәртіп бұзу мен қылмыстың алдан алу сауалнама, «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Эмоционалды зорлық- зомбылықтан сақтану», «Жасөспірім және еліктеушілік», «Бақытты ана-бақытты бала – бақытты ел» тақырыптарында ата-аналар жиналысы, «Құқық әлемінде» зияткерлік сайыс «Тәртіп.Қауіпсіздік.Заң» балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу профилактикасы бойынша құқық қорғау органдарының мамандарымен кездесу, Балалар бақытты балалық шақ үшін Флеш-моб, «Балалық шақты бірге қорғайық» бала құқықтары туралы Конвенцияның баптарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу ұйымдастырылды.

**Құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша атқарылған жұмыстар**

Құқықтық білім мен құқықтық сананың қалыптасуы қазір адамға да, қоғамға да қажет. Өйткені, Қазақстан құқықтық мемлекет құруға кіріскен уақытта біздің қоғамымызға жан-жақты білімді, халықтың мүддесін қорғайтын егеменді елімізге өз үлестерін қосатын нағыз отансүйгіш, ұлтжанды азаматтар қажет. Құқық қоғамдағы ең негізгі және маңызды қатынастарды реттейтін қоғамға пайдалы, қажетті қатынастардың дамуына жол ашып, қорғап, қоғамға зиянды қатынастарды шектеп, тыйым салатын құрал. Осы мақсатты көздеген тәрбиелілік іс-шаралар мектепте жыл бойына өткізіліп отырылады.

Биылғы оқу жылында Ішкі істер бөлімінде және мектепішілік есепте тұрған оқушы жоқ.

Жас өспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Мектебіміздің КТІЖ инспекторы полиция аға-лейтенанты Қиюбек Наргиза Жәдетқызы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-11 класс оқушылары арасында «Кәмелет жасқа толмағандардың суық қару ұстауы»,”Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы айлакерлік” «ҚР қылмыстық кодексінің 28 бабымен таныстыру», “Кәмелет жасқа толмағандар арасындағы топтық төбелес”тақырыптарында түсіндірме жумыстарын жүргізді. 9-11 класс оқушыларымен “Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу”тақырыбында, Ақтөбе қаласы ПБ ЮПБ басшысы полиция майоры Б.М.Жалекешова мен Ақтөбе облысы ПБ ЮПБ КТІЖ аға инспектор полиция майоры М.Тайбереновпен кездесу өтті.

Мектеп ережесін бұзған оқушылар мен мектеп инспекторы Қиюбек Наргиза Жәдетқызымен бірлесіп жұмыстар жургізіп жатырмыз. Тәртіп бұзған оқушылардын тусінектемелері алынып ата-аналарына ескертілді. Сонымен қатар оқушыларды мектепішілік және қалалық спорттық, видеоролик түсу шараларына қатыстырылып жур. 1-11 класс жетекшілері құқықбұзушылыққа байланысты класс сағаттары мен ат-аналар жиналысын өткізді.

Мектеп бойынша кәзіргі таңда 533 оқушы бар. Осы уақытқа дейін мектепте себепсіз сабақтан қалған оқушы анықталған емес. Оқушылардың сабаққа қатысымы қанағаттанарлық жағдайда, дегенмен сабақтан кешігетін оқушылар анықталып, уақытында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Ұсыныс:** Мектептегі класс жетекшілері,психологтар,КТІЖ инспекторы бірлесе отырып құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырылсын.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениеттідәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды; - Достарын, сыныптастарынсыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

мен педагогтердің музыкамен жанды дауыспен Мемлекеттік Гимнді орындау, қараша айында ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу челленджі, желтоқсан айында «Шығарма жазу: болашаққа хат» ЧЕЛЛЕНДЖІ барлық білім беру ұйымдарында білім алушылар өз жетістіктері туралы бір уақытта шығарма жазу ұйымдастырылды.

Сонымен қатар «Ғаламтор қауіпсіздігі» тақырыптарында сынып сағаттары, «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы негізінде күзгі жайдарман ұйымдастырылып өткізілді. Алдағы уақытта қысқы, көктемгі, жазғы жайдарман ұйымдастырылып жүргізілу жоспарлануда.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша қыркүйек, қазан қараша айларында ата- аналармен бірге жиналыстар, класс жетекшілермен бірге ата-аналарға сынып сағаттары өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасы –бақыт мекені» атты апталық жоспары құрылып, жоспар негізінде «Отан отбасынан басталады» тақырыбында тәрбие сағаттары «Мен және менің отбасым» сурет көрмесі, Қайырымдылық - адам жанының нұры атаулы көмек алатын оқушыларға азық түлікпен көмек көрсетілді, «Отбасы- шабыт көзі» кітап көрмесі, «Менің отбасым- сыйластық орнаған ортам» тренинг жоғарғы класс оқушыларына өткізіліп, мектептің инстаграм желісіне уақытылы салынып отырылды.

**Ұсыныс:** Біртұтас тәрбие жобалары аясында тәрбие беру жұмыстары жалғастырылсы

1 қыркүйек күні «Тәуелсіздік жетістіктері», «Адалдық сағаты» тақырыбында салтанатты жиын жәнеде тәрбие сағаттары өткізілді. 25-ші қазан Респубика күніне арналған « » атты іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспар негізінде «Мәңгілік жаса, қыран елім-Қазақстаным», «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан» 1-11 класс оқушылары арасында танымдық класс сағаттары, «Менің Отаным» тақырыбында диктант алынды, «Қыран елім - Қазақстаным» мәнерлеп оқу сайыс, «Патриотизм дауысы», тақырыбында 1-11 кластар арасында мемлекеттік гимнді жаппай орындалды.

**Рухани-адамгершілік және эстетикалық тәрбие**

Мектепте Халықаралық ұрпақтар ынтымақтастығы және Қарттар күні мен Ұстаздар күніне жасалған іс-шаралар жоспары негізінде кластан тыс шара өткізіліп, мектебіміздің ардагер ұстаздарын мектептің инстаграм желісі арқылы,мектеп оқушылары үйлеріне барып құттықтадық. Мектептегі барлық класс жетекшілер мен класс оқушылары қарттарымызды құттықтап,тәрбие сағаттарын өткізді. 1-11 кластарда «Ұстаз-мектептің жүрегі», «Ұстаз аты биік, әрі мәңгілік» , «Қарттарды қадірлейік, ағайын!» тақырыптарында класс сағаттары өткізілді. 1 қазан күні «Ұстазым-ұлағатым, үлгі-өнегем» тақырыбында мектеп ұстаздарын құттықтауға арналған мерекелік концерт ұйымдастырылып, Мерекелік концерт барысында 2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша жетістікке жеткен ұстаздар қалалық, облыстық білім бөлімі мен кәсіподақ ұйымының атынан «Алғыс хатпен», мақтау қағаздарымен марапатталды. Мектебіміздің 1-7 класс жетекшілері Ардагер ұстаздарды мерекелерімен құттықтап үйлеріне барды. «Ұстазыңды құттықта» тақырыбында 8 класс оқушылары инстаграмм желісіне видеоролик жариялап Республика бойынша жеңімпаз атанды.

**Экологиялық және еңбек тәрбиесі**

Өскелең ұрпақты табиғи ресурстарды күту және сақтау мәселелеріне тарту мақсатында Қазақстан Республикасы Экономикалық экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп ұйымдастырылған экологиялық сағат және ағаш отырғызу бойынша акцияға белсене қатыстырылды.

Мектепішілік «Сиқырлы күз – 2022» мерекесіне өткізілетін шаралар ұйымдастырылып, Бастауыш кластар арасында «Сұлу ханзада мен ханшайым-2022», 1-2 класс оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып. 1-11 кластар арасында көкіністерден, жеміс жидектерден көрме өткізілді. Барлық шаралар мектептің инстаграм желісіне салынып, оқушылардын жетістігімен құттықтадық.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаменжұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығынсақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді; - Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

Осы жобалар аясында мектептің жоспары құрылып I жарты жылдық бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасы мен бірге Сағи Жиенбаев кітапханасы бірлескен тәрбие жұмыстары іске асырылды. Өткізілген іс-шаралардың барлығы мектептің әлеуметтік желісіне шығарылды.

«Балалар және театр» жобасы бойынша оқу жылының басында жетекшісі Дүйсенова Гүлнур Мырзағалиқызы бекітіліп, жұмыс жоспары құрылды. Жоспар негізінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» тақырыбында 8-11сыныптар арасында сахналық қойылым ұйымдастырылып, жоғарғы деңгейде өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында еріктілермен жұмыс жоспары құрылып, оқу жылының басынан белсенділікпен жүргізілуде. «Қарттарды қадірлейік, ағайын!» тақырыптарында карттарға көмек, мектеп ауласына тазалық жүргізу, көп балалы, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік апару секілді жұмыстарға белсенділікпен қатысуда.

«Ұшқыр-ой алаңы» жобасы бойынша оқу жылының басында жетекшісі Есеркенова Айжан бекітілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар», «Тұғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан», «Мақтанышым –Тәуелсіз Қазақстан», «Алаш ардақтылары қашанда ұлықталады» тақырыбыннда мектепшілік дебаттар ұйымдастырылып өткізілді.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасының мақсаты қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік құзыреттілік, білім алушыларды өз халқының мәдени дәстүрлеріне, көпұлтты мемлекет жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу. Жоба аясында бірінші тоқсан бойынша «Өнерімді еліме арнаймын» атты Ақтөбе өңірінен шыққан айтыскер ақындармен кездесу өткізілді. Екінші тоқсанда «Алтын сақа» республикалық челленджі ұйымдастырылды.

«9 ай- 9 іс-шара» жобасы аясында қыркүйек айында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында флешмоб, қазан айында Білім беру ұйымының қабырғасында білім алушылар

**Ұсыныс:** Оқушыларды экология саласындағы ғылым жетістіктерімен хабардар ету.

**Кәсіби бағдар**

Оқушылардың мамандық таңдауда қателеспеуі мақсатында ата-аналарға да нұсқау, көмек онлайн түрде көрсетіліп отырылды. Оқу жылы басталғаннан бері арнаулы орта және жоғары оқу орнының оқытушылары онлайн түрде кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді.І жарты жылдық бойынша 4 арнаулы орта және 5 жоғары оқу орнының оқытушылары келіп, кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізді.

**Ұсыныс:** Қаламыздағы арнаулы орта және ЖОО мамандарымен кездесуді жүйелі түрде жалғастыру.

**Салауатты өмір салтына тәрбиелеу**

Денсаулық күніне орай Мектеп медбикесі №1 қалалық емханасымен тығыз байланыста болып оқушыларға уақытылы мамандармен кездесулер ұйымдастырылып, баяндамалар оқылып, зиянды заттардан аулақ болайық тақырыбында бейне көрсетілімдер көрсетіп, кеңестер беріп отырды. Денсаулық күніне орай 5-11 кластар арасында мектеп спорт залында «Денсаулық» фестивалі ұйымдастырылып оқушылар флешмоб биледі.

Қазан-желтоқсан айында «Ерте жүктіліктің алдын алу, қыз тәрбиесінің маңыздылығы», «Репродуктивті денсаулық, АИТВ,ЖИТС» тақырыбында 8-11 класс қыздарына баяндама оқылып, дөңгелек үстелді №1 қалалық емхана Салауатты өмір салтын қалыптастыру бөлімінің маманы Л.Х.Жантөрина. гинеколог дәрігер Есеркеповпа А.С бірлесіп, жыныстық қатынасынан жұғатын аурулардың профилактикасы жөнінде баяндама видеоролик көрсетіліп түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Ұсыныс:**Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында облыстық СӨС орталығымен бірлескен жұмысты жалғастыру.

**Дін**

2022-2023 оқу жылының қыркүйек айында ата-аналар мен оқушылар арасында діни экстремизімді алдын алуға арналған баяндамалар жоспары құрылды. Діни экстремизімнің алдын-алу жұмыстары туралы бұйрық шығарылды. Ата-аналар жиналысында діни экстремизімнің алдын алу бағытында баяндамалар оқылды.

Мектебімізде діни бағытта жүрген оқушы жоқ. Дегенмен діни бағытты ұстанушы отбасылар бар. Осы отбасы оқушылары бақылауға алынды. Әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысында балаларды діни ұйымдарға, секталарға әсіресе фанаттық құбылыстарға тартудың алдын-алу жұмыстарын жүйелі жүргізіу және ата-аналар қауымдастығын осы жолға үлкен жауапкершілікпен қатаң түрде ата –аналарға ескертіліп отырылады.

Желтоқсан айында 9-11 класс оқушыларына «Дін мәселелері және қоғаммен байланыс» орталығының теолог мамандар Ж.Қадирханова, Ж.Мирмашов келіп «Дінсіз тәрбие-тамырсыз көшет» тақырыбында дәріс оқыды. Кездесу барысында көтерілген сұрақтар: Намаз оқитын адамның дұрыс немесе теріс ағымда жүргенін қалай айыруға болады? Неше жастан бастап намаз оқуға рұқсат? Тек таң намазын ғана оқыса болады ма? Әйел адамдарға орамал тағу, ер адамдарға сақал қою міндет пе? Не себепті біздің батыс өңірде теріс ағымның ықпалында жүрген адамдар саны жоғары? Сол адамдармен қандай жұмыстар жүргізіп жатырсыздар? Ислам діні туралы дұрыс ақпарат беретін сайттар қандай?

**Ұсыныс:** Теолог мамандармен кездесулер өткізу жұмыстарын жалғастыру.

**Кластан тыс шаралар**

Көңілді қоңырау," Қиял әлемі" экологиялық байқауы, оқушылардың дұрыс тамақтануы бойынша видеороликтер, волейбол,баскетбол секциялары, көңілді ұяшықтар, тренинг, сурет байқаулары, облыстық семинар "Зерде әжелер" клубымен. Жас мамандар мен жұмыс. Мәнерлеп оқу сайыстары, қайырымдылық жәрменкелері өткізілді.

**«Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың белсенді әдістері»**

Тәрбие үрдісіндегі жаңа реформалар мектептің даму үрдісіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Тәрбиеде жаңа педагогикалық әдістер мен озық ақпараттық технологиялар пайда болды.

**Талап құндылығы - С...**

Бүгінгі тәрбие үрдісінде дәстүрлі әдістердің орнын креативті ойлауға, шығармашылықпен шешім қабылдауға, белсенді іс-әрекет жасауға түрткі болатын жаңа технологиялар алмастырды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жолдауында: «Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс. Біз бұл үшін барлық мүмкіндіктерді жасап, ең қолайлы жағдайлармен қамтамасыз етуіміз керек….» — деген болатын Бұл мемлекеттің стратегиялық мақсаты болып табылады. Сондықтан да жеке тұлғаға білім ғана емес, тәрбие де маңызды. Тұлғаның қоршаған әлеммен табиғи үндесуі генетикалық процесс болса, ал оның ішкі дүниесінің құндылығы тәрбиемен тығыз байланысты. Енді біз тәрбие жұмысын ұйымдастырудың белсенді әдістеріне тоқталып көрелік.

Тәрбиенің әдістері мен оны топтастыру мәселесі көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болды. Ғалымдардың еңбектерінде тәрбие әдістерінің жүйесі, алғышарттары, педагогикалық-психологиялық негіздері т.б. талдауға алынды.

Тәрбие әдістері – тәрбие мақсат-міндеттерін шешуге бағытталған тәрбиеші мен тәрбиеленушінің өзара байланысты іс-әрекеті.

Тәрбие әдісі – тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланыс іс-әрекетінде оқушылардың тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына бағытталған педагогикалық жұмыс тәсілдері.

Герцен атындағы Санкт-Петербург мемлекеттік педагогикалық институтының ғалымдары (Т.Е. Конникова, Г.И. Щукина) жасаған тәрбие әдістерін жіктеу үш топқа бөлінеді. Біз соның ішінде, белсенді әдістерге тоқталсақ.

Тәрбиенің белсенді әдістері – тәрбиені қамтамасыз ететін әдістер жүйесі. Олардың қызығушылықтарын оятады және тәрбие мазмұнын жетілдіруге көмектеседі. Миға шабуыл, постер құрастыру, кейс-стади, дөңгелек үстел т.б. белсенді әдістер:

- оқушының жағымды мотивациясын қалыптастырады;
- танымдық іс-әрекетін дамытады;
- жеке жұмыс жасау қызметін белсендендіреді;
- оқу ақпараттарын тиімді қабылдауға көмектеседі;
- шығармашылық және сыни ойлау дағдысын меңгереді.

Белсенді әдістерді қолдану мектепте сабақтан тыс тәрбие формаларында жүзеге асыруға болады. Атап айтқанда, ата-аналар жиналысын өткізу барысында. Жиналыста миға шабуыл әдісін қолдану арқылы тәрбиеге қатысты бүгінгі заманауи проблемаларды шешуге болады.

Интерактивті әдістерді қолдану барысында оқушылар:
— сыни тұрғыдан ойлауға;
— күрделі мәселелерді талдау негізінде шешуге және тиісті ақпарат-тармен алмасуға;
— балама пікірлерді табуға;
— ойластырылған шешімдер қабылдауға;
— пікірталастарға қатысуға;
— басқа оқушылармен коммуникациялық байланысқа түсуге үйренеді.

Белсенді әдістерге миға шабуыл, топтық тапсырмаларды орындау, пікірталас, мини-дәріс, жоба әдісі, кейс-стади, дебат, тренинг әдісі т.б. жатады. Интерактивті тәрбие әдістері өте тиімді, өйткені олар шығармашылық үшін кең мүмкіндіктер ұсынады, оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Бұл әдістер оқушыға білімді өздігінен іздеуге, шығармашылықпен айналысуға және тез шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Белсенді әдістердің бірі конференция.

Мысалы, ата-аналар конференциясында тәрбиеге байланысты өзекті проблемалар назарға алынады. Конференция барысында ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, баланы тәрбиелеудің тиімді жолдарын ұсынады. Тәрбиедегі келеңсіз жағдайлардың алдын-алуға көмектеседі.

Конференцияда әртүрлі тақырыптар қарастырылады. Атап айтсақ, «Бүгінгі отбасының құндылықтары», «Отбасына психологиялық көмек», «Баланы ғаламторға тәуелділіктен қалай құтқаруға болады», «Баланы тәрбиелеуде қолданатын жаңа әдістер» т.б.

«Біз шығармашыл жандармыз» атты ата-аналармен оқушыларға арналған көрме ұйымдастыру тәрбие жұмысының мазмұнын жетілдіреді.

Ата-аналармен және оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімді әдісі педагогикалық консилиум болып табылады. Консилиумға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, ата-аналар және басқа мамандар қатысады. Консилиумда тәрбиеге қатысты мәселелер қарастырылады. Консилиумның мақсаты – бала тәрбиесінде ата-аналарға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

Рөлдік, имитациялық және іскерлік ойындарды қолдану арқылы тәрбие мәселесіне қатысты сұрақтарды сараптауға болады.

Заманауи мектеп мұғалімі тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін меңгерген тұлға ретінде қалыптасып келеді, ал инновация мен технология қарқынды дамып келе жатқан ғасырда мектеп мұғалімінің ата-аналармен және оқушылармен жұмыс жасау барысында кеңес берудің пайдасы зор. Кеңес беру арқылы мұғалім ата-анаға және оқушыға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетеді. Кеңес беру әртүрлі педагогикалық және психологиялық тақырыптардың аясында жүргізіледі. Ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты мынандай тақырыптар ұсынуға болады: «Отбасындағы бала тәрбиесінің мәні», «Тәрбиенің заманауи сипаты», «Баланың психологиялық портреті», «Әлеуметтік желі және бала тәрбиесі», «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Дін және тәрбие» т.б. Осы тақырыптардың аясында мұғалім ата-аналарға және оқушыға кеңес береді. Бұл тақырыптар ата-ананы ойлануға және талқылауға үйретеді.

Сонымен қатар жиі қолданылатын әдістердің бірі – тренинг.

Тренингтер қатысушылардың өзара әрекеттесе отырып, мәселені әр қырынан талқылауын қамтамасыз етеді. Тренинг ағылшын тілінен аударғанда «train»-жаттықтыру, жаттығу деген мағынаны білдіреді. Тренинг – өзін-өзі тануға, өзін-өзі реттеуге, тұлғааралық қарым-қатынасқа, коммуникативті және кәсіби біліктілікке бағытталған психотерапиялық, психокоррекциялық және тәрбие әдістерінің жиынтығы.

Тренинг барысында оқушылар көптеген сұрақтарына жауап іздестіреді. Сол арқылы шешім қабылдауға үйренеді. «Отбасындағы жылу», «Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас», т.б. тақырыптарда тренинг өткізу педагогикалық қарым-қатынастың стилін өзгертуге мүмкіндік береді.

Тағы бір әдістердің бірі – коучинг. «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында коучинг ұйымдастыруға болады. Мақсаты: Ата-ананың бала өміріндегі орны мен рөлін айқындау, ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін жетілдіру. Атап айтсақ, «Біздің топтың жүрегі» жаттығуы арқылы жүректің адам ағзасындағы маңыздылығы туралы мағлұмат беріп, ата-ана мен баланың жүрегінің тұтастығын дәлелдеу. «Отбасылық құндылық ағашы» жаттығуы барысында ата-аналар топпен жұмыс жасайды. Отбасындағы құндылықтарын бейнелеу арқылы ағаштың суретін салады. Бұл тапсырма ата-аналардың шығармашылығы мен креативті ойлау дағдысын қалыптастырады[4].

Сонымен қатар әртүрлі тақырыпқа арнап, оқушыларға жоба жазуға болады. Мысалы, «Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру», «Дені сау қоғам құру» т.б. Бұл тақырыптар салауатты өмір салтын тәрбилеуге септігін тигізеді. Дені сау ұрпақ тәрбиелеу мемлекеттің маңызды стратегиясы болып табылады.

Жобаны жазу барысында оқушылар тақырыпқа байланысты фактілер мен аргументтер іздестіреді. Тапсырмаларды орындау барысында оқушыдан ақпаратты жүйелеу және талдау, фактілерді, құбылыстарды жалпылау, қорытынды жасау қабілеті талап етіледі.

Тәрбие сағатын өту барысында оқушыларға Синквейн құрастыртуға болады. Белгілі бір тақырыптар беріп, оқушылар сол бойынша, қысқаша мәліметтер келтіреді. Синквейн құрастыру оқушының коммуникативтілігін айқындайды.

Әлемдік білім беру мен тәрбие бағытында соңғы жылдары белсенді әдістерді қолдану аясы кеңейді. Білім алу және тәрбиені ұйымдастыру мүмкіндіктері артты: қашықтан білім алу

және тәрбие іс-шараларын өткізу, виртуальды кеңістіктегі әртүрлі тренингтер, онлайн-курстар, тәрбие тақырыбына өткізілетін вебинарлар, вертуальды лабораториялар, вертуальды көрмелер, тәрбиеге байланысты бейнедәрістер, мобильді оқу, электрондық және цифрлық білім алу ресурстары, оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың әртүрлі платформалары т.б.

Демек, қоғамдағы қарқынды даму қадамдарының жыл сайын жаңа өмір салтын құруына орай, мектеп мұғалімдері де орын алған өзгерістерді дұрыс қабылдап, өз әлеуетін көтеруге ұмтылуы қажет. Мектептің тұтас педагогикалық үрдісі осы мүмкіндіктерді дамытуға септігін тигізеді.

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға бағытталған қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының ақпараттық құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік жасау. Бұл мүмкіндіктер тәрбие үрдісі арқылы жүзеге аспақ. Себебі, тәрбие жеке тұлғаның әлеуетін дамытатын құндылық.

**Дарынды оқушылармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы**

2023-2024 оқу жылында мектеп бойынша оқушылардың қабілетіне, белгілі бір бағыттағы икеміне, талантына, шығармашылық деңгейіне байланысты мектепте дарындылар тізімі анықталды. Оқу жылының басында жоспарға сәйкес мектеп психологімен бірлесіп, класс оқушыларына зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың бейімділігін және интеллектуалдық даму деңгейлерін анықтау мақсатында диагностикалық тесттер алынды. Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстардың бағыты анықталып, соған сай жұмыс жоспары бекітілді. Оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуына мүмкіндік беретін, бағыт сілтейтін «Зерде» шығармашылық тобы оқушылардың таланттарын жетілдіруге көңіл бөліп отырды.

Дарынды окушылармен жұмыс жасайтын «Зерде» ОҒҚ – ның ***мақсаты*** төмендегідей:

- Ғылыми техникалық жетістіктерді халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрмен ұштастыра білетін қабілетті шәкірттерді даярлау;
- Оқушылардың бойына ғылыми және ғылыми–көпшілік әдебиеттермен жұмыс істей білу қабілетін дамыту;
- Оқушының өзіндік ізденісіне бағыт беру;
- Ғылыми негізде шығармашылық жұмысқа талпындыру;
- Шығармашылық қабілетін таныту және дамыту, ғылыми ізденудің әдістерін оқыту, шығармашылық сипаттағы жеке тұлғаларды тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу.

***Негізгі міндеттер:***

- Оқушылардың әр түрлі ғылымға деген құштарлығын арттыру;
- Өз бетімен білімін көтеретін, өз танымын толықтыратын, құнды әлеуметтік батыл қадам жасай алатын, қоғамға пайдалы жеке тұлға жасау;
- Оқушылардың шығармашылық қабілетін анықтау, соны дамытуға мүмкіндіктер жасау;
- Баланың жеке психо – физиологиялық дамуы ескеріліп тәрбие беру

Дарынды балалармен жұмыс жүргізуде мынадай міндеттерді алға қоя отырып, жоспар жасалынды: пәндік олимпиадаларды өткізу және қатысу; мектепішілік байқау, сайыс өткізу; қалалық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен интеллектуалдық ойындарға қатысу; ғылыми жоба жарыстарына қатысу, спорттық шараларға, өнер байқауларына қатысу, т.б.

**I. "Ғылыми жобалар сайысы"**

Жалпы білім беретін пәндер бойынша **республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық сараптамасына** 7 жұмыс ұсынылып, 40 балдан жоғары ұпай жинаған 1 жұмыс қорғауға жіберілді. 24 қарашада жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне 10 "А" класс оқушысы Ержанова Назым Нурлыбекқызы өз зертеу жұмысын қорғады.

| | *Жоба авторының аты-жөні* | *Жоба атауы* | *секция* | *кл* | *жоба жетекшісінің аты-жөні* |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Музиева Мөлдір Мұратқызы | М.Әуезовтың әңгімелеріндегі лингвомәдени бірліктер | Тіл білімі (қазақ тілі) | 10 | Абдраухова Жайнагуль Жугинисовна |
| 2 | Мейркан Анель Ғалымжанқызы | Ойыншықтардың құрамындағы химиялық элементтердің бала денсаулығына әсері | химия | 11 | Шаңдыбай Мөлдір Есетқызы |
| 3 | Есенгелдин Мансұр Ерболұлы | Математика және табиғат | математика | 8 | Айтімов Сәрсен Алтайұлы |
| 4 | Ержанова Назым Нурлыбекқызы | Молодежный сленг.Его происхождение и функционирование | Әдебиет (орыс әдебиеті) | 10 | Какенова Каламкас Гельманқызы |
| 5. | Серікова Айназым Ерланқызы | Тыңдауыр | Информатика | 9 | Исмаганбетова Айгерим Торебаевна |
| 6. | Байқазақ Нұрәділ Валерийұлы | Қазақ халқының мәдениетіндегі жылқы бейнесінің насихатталуы | этномәдениеттану | 8 | Еркін Ақерке Ғазизқызы |
| 7 | Курманова Айдидар | Оқушыларды ағылшын тілінде сөйлетудің тиімді дағдылары | Тіл білімі (ағылшын тілі) | 9 | Қосжанова Тұрсынай Тыньшқалиқызы |

***«Зерде» республикалық зерттеу жобалары*** конкурсының қалалық кезеңінде 4 оқушы өз жобаларын қорғады.

| *№* | *оқушының аты-жөні* | *класы* | *секциясы* | *жоба тақырыбы* | *жоба жетекшісі* | *нәтиже* |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Елеукен Арсен | 7 «Б» | тарих | Ақтөбе өңіріндегі діни ахуалдың қалыптасу тарихы | Есеркенова Айжан Курманалиевна | |
| 2 | Әбжами Бағжан | 7 «А» | информатика | WI-FI пайдасы мен зияны | Исмаганбетова Айгерим Торебаевн | |
| 3 | Темірғали Аяп | 7 «А» | математика | Байырғы қара есептер және олардың заманауи қолданысы | Әли Жібек Нұрболатқызы | |
| 4 | Жарылғасов Әлімқожа | 7 «А» | география | Баламалы энергия көздері–болашақ кепілі | Бердешов Алмат Буркитжанович | |

| Оқу жылы | *Қалалық* | | | *Облыстық* | | | *Республикалық* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* |
| 2021-2022 | | | | | 1 | | | | |
| 2022-2023 | | 1 | | | | | | | |
| 2023-2024 | | | | | | | | | |

## II. Ғылым негіздері пәндері бойынша олимпиада

Оқушылардың пән негіздері бойынша оқу деңгейлерін тапсырманы орындау дәрежесіне қарай анықтап, жеңімпаз оқушыларды қалалық олимпиадаға ұсыну мақсатында **9-11 класс оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың** мектепішілік кезеңі 22 - қарашада қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер, 23 - қарашада жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша ұйымдастырылды. Қоғамдық-гуманитарлық бағытынан - қазақ тілі, орыс тілі,ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, құқық негіздері пәндерінен 42 оқушы катысса, математика-жаратылыстану бағыты бойынша математика, физика, информатика, география, химия, биология пәндерінен олимпиадаға 50 оқушы катысты. Олимпиаданың мектепішілік кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, 1-орын алған 30 оқушы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне катысуға ұсынылды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі 19-20 желтоқсан аралығында №17 мектеп-гимназиясы базасында өтті. Мектепішілік олимпиаданың қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған *30 оқушы* (биология, информатика, физика, математика, химия, география, қазақ әдебиеті, ағылшын, орыс тілі, Қазақстан тарихы,құқық негіздері) *11 пәннен* қатысты. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаңын қалалық кезеңінде оқушылар компьютерде жеке логин, парольдарын енгізу арқылы «Дарын» республикалық қосымша білім беру орталығынан жіберілген олимпиада тапсырмаларын орындады. Шешімдері мен тапсырмалар мазмұны сайтта сол күні жарияланды. Олимпиада жұмысын «Ақтөбе-Адалдық алаңы» жобалық кенсесінің, «Қамқоршылық» кеңесінің мүшелері, тәуелсіз сарапшылар құрамы қатысып, бақылады.

***Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне*** катысқан оқушыларымыз төмендегідей жүлделі орындарға ие болды

1) Алпамысова Жұлдызай 10 «А» класс. Қазақ тілі 1-орын. Пән мұғалімі Ж.Ж.Абдраухова
2) Жолымова Айым 11 "А" класс. Қазақ тілі 2-орын. Пән мұғалімі А.А.Машимова
3) Аманқызы Інжу 9 "Ә" класс. Орыс тілі 3-орын. Пән мұғалімі К.Б.Утарбаева
4) Магзумов Казбек 10 "А" класс. Орыс тілі 3-орын. Пән мұғалімі К.Б.Утарбаева
5)Серікова Айназым 9 «А» класс. Ағылшын тілі 3-орын. Пән мұғалімі Т.Т.Қосжанова
6)Курманова Айдилар 9 «Ә» класс. Қазақстан тарихы 3-орын. Пән мұғалімі А.Ж.Купратбаева
7)Сагиданова Игілік 10 «А»класс.Қазақстан тарихы 3-орын. Пән мұғалімі А.К.Есеркенова
8) Меркс Жансейіт 10 «А»класс.Құқық негіздері 3-орын. Пән мұғалімі А.К.Есеркенова

***Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне*** казақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қалалықтан жүлделі 1-2 орын иеленген оқушылар катысты. Олимпиаданың облыстық кезең нәтижесі бойынша **10 «А» класс оқушысы Алпамысова Жұлдызай, 11 «А» класс оқушысы Жолымова Айым 2-орын иеленді.**

**Ғылым негіздері пәндері бойынша оқушылар олимпиадасының оқу жылдар бойынша салыстырмалы көрсеткіші**

| Оқу жылы | *Қалалық* | | | | | *Облыстық* | | | | *Республикалық* | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қатысқан оқушы саны | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | *Алғыс хат* | Қатысқан оқушы саны | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | Қатысқан оқушы саны | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** |
| 2021-2022 | **23** | 1 | 1 | 1 | | ? | 1 | | | 1 | | | 1 |
| 2022-2023 | **25** | 1 | 1 | 3 | 1 | 2 | | 2 | | | | | |
| 2023-2024 | **30** | 1 | 1 | 6 | | | | | | | | | |

25 қарашада 5-6 класс оқушылары арасында республикалық олимпиаданың мектепішілік кезеңі өтілді. Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, жаратылыстану, Қазақстан тарихы пәндерінен олимпиадаға 52 оқушы қатысты. Олимпиаданың мектепішілік кезеңінің қорытындысы бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, 1-орын алған 12 оқушы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне қатысады.

10- қазан **«Менің шағын Отаным»** республикалық байқауының қалалық кезеңінде 10 «А» класс оқушысы ***Сагиданова игілік «Шағын Отанымның символы»*** номинациясы бойынша қатысып, ***2-орын*** иеленді. Пән мұғалімі А.К.Есеркенова.

| Оқу жылы | *Қалалық* | | | *Облыстық* | | | *Республикалық* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** |
| 2021-2022 | 1 | 3 | 5 | | | | | 6 | 1 |
| 2022-2023 | | 4 | 5 | | 1 | | | | |
| 2023-2024 | | 1 | | | | | | | |

## IУ. Инновациялық бағыт

26 қазанда **5-6 сыныптар арасында ұйымдастырылатын Республикалық "Алтын сақа"** математикалық олимпиадасының мектепішілік кезеңі өткізілді. Олимпиадаға 18 оқушы қатысып, жоғары нәтиже көрсеткен әр кластан 3 оқушыдан қалалық кезеңге жолдама берілді.

"Зерделі ақыл ой" орталығының ұйымдастыруымен өтілетін **"Алтын сақа»** байқауының қалалық кезеңінде 5-6 класс оқушылары жүлделі орындарға ие болды. "Зерделі ақыл ой" орталығы марапаттау шарасында оқушыларға дипломдармен қатар орталықта оқуға 40 пайыздық жеңілдік сертификаттар табыстады.

1) ***Музиева Махаббат, 6 «А» класс. 2-орын. Пән мұғалімі С.С.Даулетбай***
2) ***Мұхтаров Сұлтан, 6 «А» класс. 2-орын. Пән мұғалімі С.С.Даулетбай***
3) ***Төребек Медет, 5 «Б» класс. 2-орын. Пән мұғалімі Ж.Әли***

3-4 сыныптар арасында ұйымдастырылған Республикалық **«Алтын сақа»** математикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде 3 «А» класс оқушысы Базарбаев Аят 3 орын орынға ие болып,"Зерделі ақыл ой" орталығы марапаттау шарасында орталықта оқуға 40 пайыздық жеңілдік сертификаттар табыстады. Пән мұғалімі Г.Демеубаева.

Республикалық **«Алтын түлек»** математикалық олимпиадасының қалалық кезеңінде 10 «А» класс оқушысы Елемесова Акерке 3 орын иеленді.Пән мұғалімі Г.Сагынбаева

| Оқу жылы | *Қалалық* | | | *Облыстық* | | | *Республикалық* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** | ***1-орын*** | ***2-орын*** | ***3-орын*** |
| 2021-2022 | | | | | 1 | | | | |
| 2022-2023 | | 1 | 2 | | 1 | | | | |
| 2023-2024 | | 3 | 2 | | | | | | |

## У.Шығармашылық бағыт (эссе, оқулар, сурет,т.б.)

Республикалық **«Ақберен»** байқауының қалалық кезеңінен 10 «А» класс оқушысы Музиева Мөлдір 3- орын иеленді. Жетекшісі Ж.Ж.Абраухова.

Облыстық **Т.Айбергенов оқулары** байқауының қалалық кезеңінде, «Барады кең дүние әнге айналып» номинациясында 7 «А» класс оқушысы Әбжами Бағжан 3 орын иеленді.Жетекшісі: Г.М.Баймуханова, «Жүрегімнің лапылдаған отымен» номинациясында 8 «Ә» класс оқушысы Орынтаева Шапағат «Алғыс хат» иеленді.Жетекшісі:Г.Дүйсенова

1-4 класс оқушыларының арасында ұйымдастырылған **«Күзгі сарын» қалалық қолөнер байқауында** 4 «Б» класс оқушысы Нұркен Айя 2 орын,3 «А» класс оқушысы Әділжан Арын 3 орын, 1 «Ә» класс оқушысы Аманжолұлы Нұралы мен 2 «Ә» класс оқушысы Ибрагимов Арсен қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.

Республика күніне орай **«Біз жемқорлыққа қарсымыз» қалалық ең үздік плакат** байқауында 8 «Ә» класс оқушысы Таңаталина Шакизат 1 орын, 7 «Ә» класс оқушысы Искиндирова Асем 2 орын, 6 «А» класс оқушысы Жанабаева Айнара 3 орын иеленді.

**Қасым Қайсеновтың туылғанына 105 жыл толуына орай ұйымдастырылған конференциясында** 9 «Ә» класс оқушысы Есенбекқызы Айша 3 орынға ие болды.Пән мұғалімі Г.М.Дүйсенова.

**«Тіл білгірлері»** қалалық байқауында 8 «Ә» класс оқушысы Орынтаева Шапағат 3 орынға ие болды.Жетекшісі:Б.Ж.Шунтаева

| Оқу жылы | *Қалалық* | | | *Облыстық* | | | *Республикалық* | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* | *1-орын* | *2-орын* | *3-орын* |
| 2021-2022 | | 2 | 3 | | | | | | |
| 2022-2023 | | 5 | 4 | 2 | 4 | 3 | | | |
| 2023-2024 | 1 | 2 | 6 | | | | | | |

## YI. «Дарыннан» тыс басқа байқаулар

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігі ұйымдастырған қалалық деңгейдегі **«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар»** атты интеллектуалды сайысында «Алаш» тобы 2 орын иеленді. Жетекшісі Ж.Ж.Абдраухова.

**«Күз ғажайыптары»** байқауында 4 «Ә» класс оқушылары Азаматұлы Азат,Әділжан Адиля 2 орын иеленді.Жетекшісі:А.Қ.Ғазизова.

«Әскерге дейінгі жасөспірімдер спартакиадасы» жарысында 11 «А» класс оқушысы Давлеткалиев Жандаулет 3 орын иеленді.Жетекшісі: С.Шарипов

«Қарттарым-асыл қазынам!»атты Республикалық балалар мен жастар шығармашылық байқауында «Эстрадалық вокал» номинациясы бойынша 4 «А» класс оқушысы Маратова Аиша 1 орын иеленді.Жетекшісі: Г.М.Баймуханова

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған қала мектептері оқушыларының арасында жабық ғимаратта **кеме үлгілеу спортынан қалалық жарысында** мектеп командасы **2-орынды** иеленді. Жеке сайыс қорытындысы бойынша мектеп оқушылары төмендегідей нәтиже көрсетті:

**6"Б"класс оқушысы Кенжебеков Арман ЕН-600(э)-2-орын,**
**3 "А" класс оқушысы Тұрар Нұрсұлтан ЕК-600(э) - 2-орын,ЕК-600(р)- 1-орын.**
**7 "Ә" класс оқушысы Сапартілеу Ерасыл ЕН-600(э) - 3-орын,ЕХ-600-3 орын,ЕЛ-600(р)-2орын**
**10 "А" класс оқушысы Мапасов Дидар Е-4С-600- 2-орын.**
**7 «Ә» класс оқушысы Толағай Ғибрат ЕХ-600 -2 –орын, Жетекшісі С.Ш.Қожабеков.**

«Дарындар Әлемі»Халықаралық шығармашылық ассоциациясы XI Халықаралық балалар,жасөспірімдер мен жастарға арналған «Музыкальное созвездие»өнер байқауында «Сырғалым» би тобы 2 орын иеленді.Жетекшісі: М.Е.Кенжебаева

## Дефектолог тізімінде тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен танысып 2023-2024 оқу жылында мектебімізде дефектолог бақылауына 4 оқушы алынды. 1 оқушы бейімделген жалпы білім беру оқу бағдарламасымен және 3 оқушы типтік оқу бағдарламасымен оқытылады.

Әр оқушыға жеке сабақтар 30-35 минуттан, аптасына 2 рет топтық сабақтар уақыты 35-40 минут.

Типтік оқу бағдарламасымен оқитын оқушылар:

5 «а» сынып оқушысы - Амангельдина Айша . ОПМПК қорытындысы - нарушение слуха ребенка с КИ ОНР III уровень №33499 қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

7 «а» сынып оқушысы – Амангельдин Илияс. ОПМПК қорытындысы - нарушение слуха ребенка с КИ ОНР III уровень №33498 қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасымен оқыту ұсынылған.

Даярлық тобының оқушысы - Амирешова Дания. ОПМПК қорытындысы - ОНР нерезко выроженое .

Бейімделген жалпы білім беру оқу бағдарламасымен оқитын оқушы:

6 «ә» сынып оқушысы – Аманкелді Нұрасыл. ОПМПК қорытындысы – Рбенок с ООП. Задержка развития, фонематическое недоразвитие речи с элементами лексикограмматического № 36075 қорытындысына сәйкес

Жоғарыда аталған оқушыларға типтік және бейімделген жалпы білім беру бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері қолданылады. Жетістіктер картасы толтырлып, 1в форма, 6 форма толтырылды.

Осы балаларға сабақ кестелері қойылып жұмыс жоспарлары бекітілді. Балалармен атқарылған жұмыс өз жүйесінде өткізіліп жатыр.

Оқу жылының қыркүйек айында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, менің тарапымнан 1 «А»,1 «Ә», сыныптарының ата-аналарнан сауалнама алынды (1а-1б форма) психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарына сәйкес ерекше білім қажет ететін оқушы бар сыныптан және 1 сыныптын ата-аналарнан сауалнама алынды.

Ұсынылған сауалнама оқушылардың мінез-құлықтың дамуын және мектеп мамандары мен мұғалімдерге оқытуды ұйымдастыруға көмек көрсетуді жақсартуға септігін тигізді.

1 «А» сыныбынан- 25 ата-анадан 20 ата-ана қатысты. 2 ата-ана балаларын логопед сабағына қатыстысуына өтініш қалдырды.

1 «Ә»- сыныбынан 25 ата-анадан 22 ата-ана қатысты. 2 ата-ана баласын логопед сабағына қатысуын өтініш қалдырды.

Қазан айында ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жоспарына сәйкес сабақтарына қатысып психологиялық-педагогикалық қызметінің сабақ барысында оқушыға бақылау жасау хаттамасы 2 (а,б форма) жүргізілді. Нәтижеге келетін болсақ Аманкелді Нұрасыл ең жоғарғы көрсеткіш көрсеткен. Түзету және дамыту жұмыстары жүргізілетін болады.

Қараша айында мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарына сәйкес класс жетекшілерінен сауалнама (7 форма) алынды. Бұл сауалнама оқушылардың оқу процесінде қандай қиыншылықтар бар және оқушының қандай қасиеті мен мінезін анықтау үшін класс жетекшілерге берілді. Нәтежесіне келетің болсақ:

**Амангельді Нұрасыл оқу процесіндегі қиындықтары:** оқу материалын мұғалімнің көмегімен орындайды. Жазубаша тапсырмаларда қиындықтар туады. Өз бетінше сурет және жеңіл-желпі тапсырмаларды орындауға жақсы көреді. Мінезі сабырлы, салмақты, оқуға талпынысы бар.

**Амангельдина Айша оқу процесінде қиындықтары:** Ауызша пәндерден түсінік айтуға ұялады, ойын анық жеткізе алмайды көпшіліктің алдында және тақтаның алдында. Өз бетінше есептерді есептей алады. Тест және сауалнамаға жауап береді. Мінезі салмақты, сабырлы, мұқият тыңдай білу, аққөңіл, адал, адамгершілігі мол

**Амангельдин Илияс оқу процесінде қиындықтары:** оқу материалын меңгеруде математика, тарих пәндерәнен қиындықтар туындалды. Жұмысқа бірден қосылаалмайды, ұзақ ойланады. Жауапкершілігі аз. Үй тапсырмаларын орындамай келуі. Өз бетінше тест, сауалнама, сұрақ тарсырмаларын орындайды. Мінезі салмақты, аққөңіл, ашық, сабырлы, оқуға талпынысы бар. Суретке түсіруді жақсы көреді.

**Амирешова Дания оқу процесінде қиындықтары:** оқушы даярлық тобында оқитын болғасын. Қиындықтары тек түсіндуде, сөздік қоры аз. Ойлау қабілеті баяулай. Сұрақтарға жауапты шамалы ойланып турып береді.

24-25 қараша күндері мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізіліп, менің тарапымнан 1 «А»,1 «Ә» 4 «А»,5 «Ә» сыныптарыныңата-аналарнан сауалнама алынды (1а-1б форма) психологиялық - педагогикалық колдау қызметінің жоспарына сәйкес ерекше білім қажет ететін оқушы бар сыныптан және 1 сыныптын ата-аналарнан сауалнама алынды.

Ұсынылған сауалнама оқушылардың мінез-құлықтың дамуын және мектеп мамандары мен мұғалімдерге оқытуды уйымдастыруға көмек көрсетуді жақсартуға септігін тигізеді.

Қараша айында Қоғамдық пәндер әдістемелік бірлестігінің «Тарих сана ұлттық жадының сәулесі» атты пән аралығының аясында мектебіміздің мұғалім-дефектолог оқушыларымен көңілді қоныpау өткізді.

Мақсаты:балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға, олардың шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін дамытуға, мектептегі пайдалы және қызықты үзілістерді ұйымдастыру арқылы мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруын дамытуға ықпал етумектепте үзіліс уақытында оқушылардың сабақтан демалып, тынығып және даму қабілеттерін жақсарту үшін дефектолог бірігіп ойындар өткізілді.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік деп,-соғады жүрегіміз» жұмыс жоспарына сай 5-7 класс аралығында ұйымдастырылған «Гүлдене бер, менің Қазақстаным» тақырыбында сурет байқауының өткізілді.

**Өзін-өзі дамыту:**

Қазақстан республикасы білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастыру бойынша 25.09-06.10. 2023 жылы « Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жеткілдіру бойынша арнайы педагогтың (дефектолог-мұғалімнің) кәсіби құзіреттілігін дамыту» (80сағат) курсынан өттім.

Ақтөбе облыстық ғылыми- тәжірбиелік орталығы ұйымдастырған мұғалімдер арасында өткен олимпиададан III орын иелендім..

## Логопедте тізімде тұрған оқушылармен жүргізілген жұмыстар

Балаларды бақылау нәтижесінде 2023-2024 оқу жылында мектепішілік логопед сабағының бақылау жұмыстарынын қорытындысы бойынша I тоқсаның қыркүйек айында 25 бала тіркеуге алынды. II тоқсанның қараша айында ата-ананың өтініші бойынша 3 оқушы сабақтан босатылды. Орнына Ата-ана өтініші бойынша 2 оқушы сабаққа қосылды

Түзету сабағы аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр оқушыға сабақ жоспарлары құрылған. Ата-аналарымен келісімшарт толтырылып, балаларының сабаққа қатысуына келісімдерін берді. Мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеймін.

**2023-2024оқу жылының I тоқсан логопед сабағына өтініш берген балалар тізімі**

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Диагноз |
|---|---|---|---|
| 1 | Амирешова Дания | Даярлық топ | ОНР |
| 2 | Айнағұлов Батыр | Даярлық топ | ФФЖ |
| 3 | Жалкан Көзайым | Даярлық топ | ФФЖ |
| 4 | Мақсат Кәусар | 1 «А» | ФФЖ |
| 5 | Буранбай Аян | 1 «Ә» | ФФЖ |
| 6 | Ибрахим Алихан | 1 «Ә» | ФФЖ |
| 7 | Амангелді Алдияр | 2 «А» | ОНР |
| 8 | Хабиров Омар | 2 «А» | ФФЖ |
| 9 | Қылышов Амир | 2 «Ә» | ФФЖ |
| 10 | Туляков Шамиль | 2 «Ә» | ФФЖ |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 11 | Қожас Асылбек | 3 «А» | ФФЖ |
| 12 | Әділжан Арын | 3 «А» | ФФЖ |
| 13 | Амангелді Ерсұлтан | 3 «Ә» | ФФЖ |
| 14 | Фатхуллин Эльдар | 3 «Ә» | ФФЖ |
| 15 | Турекулов Санжар | 3 «Б» | ФФЖ |
| 16 | Мақұлбек Айсұлтан | 3 «Б» | ФФЖ |
| 17 | Қайратқызы Аруна | 4 «А» | ФФЖ |
| 18 | Қарымсақов Жарқын | 4 «А» | ФФЖ |
| 19 | Жумабек Асхат | 4 «Ә» | ФФЖ |
| 20 | Қайрғали Имран | 4 «Ә» | ФФЖ |
| 21 | Әбжами Бағдат | 4 «Б» | ФФЖ |
| 22 | Серікбаев Ерщұр | 4 «Б» | ФФЖ |
| 23 | Амангельдина Айша | 5 «А» | ОНР |
| 24 | Аманкелді Нұрасыл | 6 «Ә» | ЗПР |
| 25 | Амангельдин Илияс | 7 «Б» | ОНР |

**2023-2024 оқу жылының І тоқсанның аяғында шығып кеткен оқушылар тізімі**

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Диагноз |
|---|---|---|---|
| 1 | Қожас Асылбек | 3 «А» | ФФЖ |
| 2 | Әділжан Арын | 3 «А» | ФФЖ |
| 3 | Жумабек Асхат | 4 «Ә» | ФФЖ |

**2023-2024 оқу жылының ІІ тоқсан логопед сабағына өтініш бойынша қосылған балалар тізімі**

| № | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Диагноз |
|---|---|---|---|
| 1 | Теңізбай Бекет | 3 «Ә» | ФФЖ |
| 2 | Аманжол Қасым | 3 «Б» | ФФЖ |

Мұғалім-дефектологтың жүргізілген логопедиялық жұмыстарының түзете – дамыту сабағының төмендегідей кезеңдермен өтті.

***1. Диагностикалық кезең:***

1. баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
2. сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.
4. Фонетикалық есту қабілетін зерттеу
5. оқу мен жазу дағдыларын тексеру. Минутқа оқу, диактант жазу.

***2. Коррекциялық дамыту кезеңі:***

Тіл бұзылысы бар оқушыларды анықтап, оқушының жеке – дара ерекшеліктерін, тіл бұзылысының түрін ескере
отырып жағымды психофизиологиялық жағдайды жан – жақты түзету жұмысын жүргізу.

- оқу мен жазу дағдыларының бұзылыстарын диагностикалау және түзету;
- баланың толыққанды тұлғалық және интеллектуалдық дамуына ықпал ету;
- әрбір балаға индивидуалды және дифференциалды ыңғайды қамтамасыз ету;
- балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу;
- сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу және түзету;
- балаларға логопедиялық көмек көрсету сұрақтары бойынша мұғалімдер мен ата-аналарға кеңес беру;

- мұғалімдер мен ата-аналар арасында логопедиялық білімдерді үгіттеу.

*3. Тәрбиелеу кезеңі:*

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

Баланың сөйлеу тілін бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған бастауыш оқушыларын анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда логопад балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды.

Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталып құрылды.

Жалпы тілінің дамымауының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей мақсат- міндеттері:

- сөйлеу тілінің түсінуін қалыптастыру;
- енжар және белсенді сөздік қорларын дамыту;
- белсенді сөйлеу тіліне ынталандыру дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру;
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптаспаған дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;
- сөйлеу тіліндегі қалыптасқан дыбыстарды толық анықтап, дыбыстарды қою және бекіту жұмыстарын жүргізу;
- сөйлеу тілінің лексикалық–грамматикалық құрылымын дұрыс қалыптастыру;
- фонематикалық қабылдау, есте сақтау, сараптау және талдау анализ синтез жүргізу;
- оқу мен жазу дағдыларын қалыптастыру.

Түзету сабақтарының нәтижесінде, балалар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздерімен толықтыру, әдемі жазу және жақсы оқу сияқты жетістіктерге қол жеткізуде.

Түзету коррекциялық сабақтың барысында оқушылар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрлымын түсінуге, сөз бен сөзді , сөйлем мен сөйлемді байланыстыруға үйренді.

## Әлеуметтік педагогтің І жарты жылдығы бойынша жүргізген жұмыстары

2023-2024 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында класс жетекшілермен бірге отырып, мектебімізде оқитын оқушылардың әлеуметтік жағдайлары зерттеліпіп, әр кластың әлеуметтік паспорты дайындалды. Оқу жылының басында атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларының саны - 7; АӘК алмайтын, күнкөрісі төмен отбасы балалары- 23 ; алқалы басқару органның шешімімен көмекке ілінген оқушылар саны -5; мүмкіндігі шектеулі тобындағы оқушылар саны – 8, мүмкіндігі шектеулі оқушылардың 3-і инклюзивті білім алады, олар 6 «Ә» класс оқушысы Аманкелді Нұрасыл, 7 «А» класс оқушысы Амангельдин Илияс, 5 «А» класс оқушысы Амангельдина Айша. Өгей ата-анамен тұрып жатқан оқушылар саны -10. Мектеп психологы, класс жетекшілермен бірлесіп, аталған санаттағы отбасының *материалдық-тұрмыстық ахуалдары* зерделенді.

Жаңа оқу жылы қарсаңында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасы балалары мен мүгедек тобындағы оқушыларға материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылатын республикалық «Мектепке жол» акциясының іс-шаралар жоспары құрылды. Әлеуметтік колдауды қажет ететін оқушылар тізімі анықталды.

Акция барысында «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту Министрлігінің 12.07.2023 жылғы №5-15-2/4176-И, Ақтөбе облысының білім басқармасының 18.07.2023ж күнгі №2/3227, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 20.07.2023ж күнгі №02-03/1650 хаттарына сәйкес ***мектебіміздің 32 оқушысына*** **қаржылай көмек** көрсетілді. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушы – 6 (Альменова Құндызай, Бегімбетов Исламбек, Кенжебаева Нұрби, Кульмухамбетов Али, Темірболатов Мирас, Берик Айшат), күнкөрісі төмен отбасы оқушылар саны - 21 , алқалық кеңес шешімімен енгізілген -5 оқушы (Аманкелді Нұрасыл, Аманкелді Ерқанат, Молдабай Нұрали, Молдабай Ақниет, Қалдыбек Дәнекер). Ата-аналардың өтініштері негізінде қаржылай көмек көрсетуге мұқтаж әр оқушының құжаттары тексеріліп, отбасының тұрмыстық жағдайлары зерттелінді. Аталған білім алушылардың әрқайсысына бөлінетін қаражат көлемі қолданыстағы республикалық бюджет туралы заңнамаға сәйкес ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен емес мөлшерде, яғни ***40567 (қырық мың бес жүз алпыс жеті)теңге*** төленді.

Сондай-ақ, мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына қолдау, демеушілік көрсету үшін түрлі мекемелерге сұраныс хаттар жолданды. **"Kaspi bank"** мектептен жолданған сұраныс-хатты қанағаттандырып, мектебіміздің аз қамтылған отбасы балаларына қолдау көрсетті. ***5 оқушыға 200000 теңгеге*** оқу құралдары мен киім-кешек тарту етсе, **"EMPERUM"** туристік фирмасы ***10 оқушыға 350000*** теңгеге оқу құралдары мен киім-кешек тарту етті.

Акцияға қатысып, балалардың мектепке дайындығына үлес қосып, демеушілік жасаған ұжымына ризашылығымызды білдіріп, "Мектепке жол" республикалық акциясының өтілу барысы мектеп инстаграмына уақытылы жарияланды.

Президент атынан өтетін Жаңа жылдық шыршаға күнкөрісі төмен, асыраушысынан айырылған, толық емес отбасы оқушысы Маратова Аиша, қалалық маслихат депутаттарының ұйымдастыруымен өткізілген шыршаға аз қамтылған оқушы Қалдыбек Дәнекер қатысып, оларға тәттілермен қоса бағалы сыйлықтар тарту етілді. Сондай-ақ, облыстық білім басқармасының атынан өтетін шыршаға 3 оқушы - ЕББҚ оқушы Аманкелді Нұрасыл, АӘК алатын отбасы балалары Бегімбетов Исламбек, Бисенғали Аяулым, қала әкімінің шыршасына көп балалы отбасы оқушысы Сапартілеу Ерасыл қатысты

Оқу жылының басында ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары, асханадан тамақтандыруды ұйымдастыруға жауапты қызметкерлер бекітілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында жаңа оқу жылынан бастап Қазақстанның барлық өңірлерінің бастауыш класс оқушылары әлеуметтік мәртебесіне қарамастан тегін тамақтандырылуда. Ыстық тамақ Ақтөбе облысындағы жалпы білім беретін мектептердің тамағын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобының хаттамасы бойынша білім басқармасы басшысы бекіткен, Ақтөбе облысы бойынша жалпы білім беретін мектептердің жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушыларына тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзіріне сәйкес дайындалады. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы **19** оқушының ата-аналарынан мектеп асханасынан тегін тамақтануға өтініштер қабылданып, тиісті құжаттар жинақталды. Жекелеген санаттағы оқушылардың ішінде 5 оқушы ата-анасы атаулы әлеуметтік көмек алады, 9 оқушы- күнкөрісі төмен, 5 оқушы алқалық комиссия шешімімен есепке алынған.

Тамақтану кестесіне сай, І ауысымда жекелеген санатты 9 оқушы және 1,4 кластың 109 оқушысы , ІІ ауысымда 10 оқушы және 2,3 кластың 107 оқушысы тамақтанады. Оқушылардың күнделікті тамақтануы класс жетекшілері мен әлеуметтік педагог тарапынан бақыланады.

| Тамақ ішетін барлық оқушы саны | Түске дейін І кезең уақыты 9.25, ІІ кезең 10.20 | Түске дейін 9.25-те тамақ ішетін бала саны | Түске дейін 10.20-да тамақ ішетін бала саны | Түстен кейін І кезең уақыты 14.55, ІІ кезең 15.50 | Түстен кейін 14.55-те тамақ ішетін бала саны | Түстен кейін 15.50-де тамақ ішетін бала саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **235** (19+216) | **118** | 49 (1-класс)+ 9 (5-11класс). **58** оқушы | **60** (4-класс) | **117** | 51 (2-класс) + 10 (5-11 класс) **61** оқушы | **56** (3-класс) |

Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін бракераж комиссиясының құрамында мектеп директоры А.Ж. Айзакова, қамқоршылық кеңесінің төрайымы А.А.Кокимова, директордың ТІЖ орынбасары Б.Р.Утебаева, директордың ШІЖ орынбасары А.К.Мамбеталина, мектеп медбикесі Ә.Н.Тұңғат, ата-аналар төрайымы Т.М.Жусипова, әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова бар.

Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізіп отырады. Бракераждық комиссия ай сайын асхана жұмысына тексеру жүргізіп, акт толтырады. Тексеру нәтижесі әлеуметтік желіде жарияланды.

Балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру жоспарына сәйкес төмендегідей іс-шаралар өтілді. 5-6 класс оқушылары арасында «Ас-адамның арқауы» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар салған суреттері арқылы адам ағзасына дұрыс тамақтанудың пайдасы жөнінде, дәрумендер көзі - көкөністер мен жеміс-жидектер туралы қызықты ақпараттар бере білді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша 1-4 кластарда «Денсаулық-бақытым, байлығым» тақырыбында класс сағаттары өтілді. Денсаулық күніне орай №1 қалалық емханасының салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы Л.Х.Жантолинаның қатысуымен 9 -11 класс оқушыларына флешмоб ұйымдастырылды. 1-11 кластар арасында «Тәттілер жәрмеңкесі» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, түскен қаражатқа көп балалы аз қамтылған 3 отбасыға азық-түлік жөнінен көмек көрсетілді. Желтоқсанда тамақтануды ұйымдастыру мәселелері бойынша ата-аналардан және оқушылардан сауалнама алынды. Сауалнамаға мектептің 1-11 класстан *321* оқушы және *314* ата-ана қатысып, өз жауаптарын берді. Сауалнама нәтижесінде ата-аналар мен оқушылардың басым көпшілігі сауалнама бойынша мектептегі тамақтану сапасына, мектеп асханасының жұмысына жақсы баға берді; асхананың санитарлық жағдайын «жақсы» деп санайды.

## Психологиялық жұмыстар қорытындысы

**Психологиялық қызметтің алдына қойған мақсаты:**

Оқу – тәрбие үрдісінде психологиялық заңдылықтарды ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушылардың шығармашылық және интеллектуалдық потенциалдарын дамыту, психологиялық денсаулығын сақтау.

2023-2024 оқу жылында психологиялық жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді.

Төмендегі жұмыс түрлері өткізілді:

- диагностикалық, бейімдік дайындықты жүргізу; мемлекеттік емтиханға дайындық барысында психологиялық көмек; оқушылармен, ата- аналармен, мұғалімдермен, дарынды оқушылармен жұмыс, құқық бұзушылықтың алдын алу; мектепішілік, қалалық семинарларды дайындау, жүргізу;
- материалды- техникалық базаны жақсарту;

-диагностикалық әдістемелік картотекасын кеңейту.

**КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ДИАГНОСТИКА ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ:**

**Қыркүйек-қазан** психологиялық қызметтің жүргізген зерттеу жұмысына 1-класс бойынша барлығы- 49 оқушы қатысты. Психологиялық қызметтің мектеп қабырғасына қабылданған оқушыларға психологиялық әдістеме, Керн-Йрасек төрт субтестен тұратын баланың мектепке дайындығын бағалау тестісі жүргізілді.

Мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектепке интеллектуалдық, психологиялық дайындығын анықтау,оқушылардың мектеп тәртібіне бейімделуі,мектептегі ұнамды және ұнамсыз жағдайларды анықтау және оларды болдырмауға жағдай жасау.

2023 оқу жылының қыркүйек айында 5-класс оқушыларының бастауыш буыннан орта буынға бейімделу кезеңінің жағдайын зерттеу жүргізілді. Зерттеуге 5 класс бойынша барлығы 60 - оқушы қатысты. Оқушылардың психологиялық логикалық даму деңгейлері, қысқа мерзімді есте сақтауды бағалау және " Мектептік мотивация әдістемесі Н.Г. Лусканов" әдістемелері жүргізілді. Бұл әдістемелердің мақсаты: оқушылардың жеке даму деңгейі мен оқуға психологиялық дайындығын, оқушылардың мектеп өміріне бейімделу процесін анықтау мақсатында жүргізілді.

10-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі " Мектептік мотивация әдістемесі Н.Г. Лусканов" әдістемелері жүргізілді. Зерттеуге 10 класс бойынша барлығы - 24 оқушы қатысты,1 оқушы денсаулығына байланысты қатыспады.Мақсаты: 10-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау.Бейімделуден қиындық көріп жүрген оқушыларға психологиялық қолдау көрсету . “Басса-Дарки” 8-11 класс, “Дасс” сауалнамасы 8-11 класс, “Голланд” 9-11 класс,Э.Ф.Замбацавичене әдістемесі 3-4 класс, З.Королева 9-11 класс оқушыларынан сауалнамалар алынды.

Жоғары сынып оқушыларына кеңес беру бағыты бойынша оқушылардың сабақта өзін-өзі ұстауы, сабаққа деген қызығушылығын ояту туралы әңгіме жүргізілді. Мектепке жаңадан келген оқушылармен танысып, мектептегі көңіл-күйі, жағдайы, сыныптастарымен қарым-қатынасы туралы әңгіме жүргізілді, 2023-2024 оқу жылы 3 оқушы инклюзивтік бағдарлама бойынша білім алуда: Инклюзивті білім алатын оқушыларға мектеп психологтары бөлек, әр оқушының диагнозына сәйкес индивидуалды түзету - дамыту жоспарын құрды. Инклюзив балалармен “Мен және менің ортам”, “Мен бақытты баламын”, “Менің көңіл-күйім” тренинг өткізілді.

11- класс оқушыларының ҰБТ-ға қандай көзқараспен, қандай көңіл-күймен қарайтынын анықтау мақсатында, “Мамандық таңдаудағы алғашқы қадамым” тренинг өткізілді.Түлектерге және класс жетекшілерге, ҰБТ-ны ойдағыдай тапсыру үшін ұсыныстар жасалды. ҰБТ-ға қорқынышпен қарайтын оқушыларға кеңес беру, консультациялық жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологтары сонымен қатар, педагог кадрлармен жұмыс жасайды. Оқу жылының басында жаңадан келген жас мамандарға психологиялық қолдау жұмысы жасалды.«Жас мамандардың ортаға бейімделуі» тренинг, “Сіз қандай мұғалімсіз?” тренингі ұйымдастырылды.

Психологиялық кеңес оқушы, ата-ана, мұғалім арасында туындаған проблемаларды шешуге көмектесуге бағытталды. Оқу процесі кезінде туындаған жағдаяттарды шешу және ұсыныс жасау – психологиялық кеңес берудің басты мақсаты.Қыркүйек айында “Отбасы -бақыт мекені” ата-аналармен кездесу тренингі өткізілді.

Сонымен қатар бастауыш класс оқушыларына «Мен және менің ортам» жаттығуы, «ыстық картоп» ойыны,«Достық пирамидасы» жаттығуы, «Біз біргеміз» ойыны., 5 класс оқушыларына «Көңіл-күйімізді жаттықтыру» тренингі, 6-7 класс оқушыларына «Сиқырлы орындық», «Жіп» жаттығуы,«Дос болайық бәріміз» тренингі. 8-9 класс оқушыларына «Адасқан әріптер» жаттығу,.«Менің жағымды және жағымсыз жақтарым» тренингі, 10-11 класс оқушыларына “Менің жарқын болашағым”жаттығуы,“Алтын балыққа үш тілек” тренингі» ойыны ұйымдастырылды.